

## **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

### **«Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: білім басқармасының қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.
2. «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - басқарма) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттын әзірлеушінің атауы.
3. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлқы (іс-әрекеті) ережелері.
- 3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру кезінде:
  - 1) заңдылық қағидаттарын, Конституция, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;
  - 2) мүдделер қақтығысы тұындауының кез келген ықтимал жағдайларына жол бермеу жөнінде шаралар алу;
  - 3) жеке және заңды тұлғалардың өздерінің құқықтары мен мүдделерін іске асыруына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;
  - 4) өзінің лауазымдық өкілеттіліктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер алу үшін пайдаланбау;
  - 5) жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін салу, қойылған міндеттерді шешу үшін оңтайлы, ұтымды және өзге де жетік тәсілдерді қолдану;
  - 6) қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін ұдайы арттыру;
  - 7) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қызметтік бабын асыра пайдалануға, заңсыз төрешілдік және сөзбұйдаға салу, сондай-ақ дәрекілік коріністеріне жол бермеу;